

Тақырып 8.

Лексикалық тақырып: Сән әлемі. Дизайн. Ұлттық киім.

Грамматикалық тақырып: Мезгіл мәнді сөйлем.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, төмендегі сұрақтарға жауап берідер. Мәтіннің мазмұнын айтындар.

Сән әлемі

Сән- қоғамдық өмірдің бір бөлшегі, әлеуметтік құбылыс. «Сән» (мода – латын сөзі, «өлшем», «әдіс», «іс-әрекет», деген ұғымды білдіреді. Қазіргі таңда әр адамның өз талғамына, қажетіне сай сәнді киіну мүмкіндігі бар.

Сәнді арнайы көркемдеуші адамды «сәнгер» деп атаймыз. Ол сәнқой адамның талғамын ескере отырып, тұтынушы халықтың талғамына сай келетіндей етіп орындайды. Оларды «стилистер» деп те атайды.

Сәнде маңызды ұғымдардың бірі – стиль. Стиль – грек сөзі, өнерде авторлық туындының мәнерін, мазмұнын, көркемдік ерекшелігін білдіреді. Киімде бірнеше стиль қалыптасқан. Олар: классикалық, спорттық, романтикалық және фольклорлық т.б.

Классикалық стиль – салыстырмалы түрде тұрақты, сән әлеміндегі өзгерістерге онша беріле бермейтін киім түрлері кіреді. Ерлердің классикалық киімдеріне – костюм шалбар немесе тек шалбардың өзі, жакет - костюм, ағылшын пальтосы, плащ, ал әйелдердің классикалық киіміне – жеңді көйлек жакетімен, белдемше, блузка немесе жакет, шалбар мен жакет - жейде кіреді. Қазіргі кезде классикалық киімдер аясы ерлер үшін де, әйелдер үшін де трикотаж күртешелердің ештеңеге міндеттемейтін еркін түрлерінің енуіне байланысты біршама кеңеюде. Әйелдер киімінің құрамына ерлер пиджагі, жейдесі, шалбары түпкілікті енді.

Спорттық стиль – демалыста, спортпен айналысқанда, саяхатқа шыққанда киюге ыңғайлы киімдер. Жалпы спорттық стильдегі киімдерде адам өзін еркін және ыңғайлы сезінеді.

Романтикалық стиль – әдемілік, ерекшелік, сүйкімділік немесе нәзіктікті әдеттегіден тыс бөліп көрсетеді. Романтикалық стильдің ерекшелігі – қатпарлар, желбіреушелер, шілтерлер, банттар жиынтығынан тұрады.

Фольклорлық стиль (этникалық) – ұлттық сипаттағы осы заманғы киімдер. Бұл стильде ұлттық ою - өрнектер, кестелер, қол жұмысының көптеген элементтері кеңінен пайдаланылады.

(«Технология» оқулығынан)

Қоғамдық өмір-общественная жизнь

Әлеуметтік құбылыс-социальное явление

Өлшем –размер

Көркемдік ерекшелік – художественные особенности


Сәнгер-модельер

Сәнқой-модник, щеголь

Сұрақтар:

1. «Сән» қандай құбылыс ?
2. «Сән» сөзі қай тілден енеген және қандай мағына береді ?
3. Сәнді көркемдеуші кім ?
4. «Стиль» сөзі қай тілден енген ?
5. Қандай стильдер қалыптасқан ?
6. Классикалық стиль несімен ерекшеленеді ?
7. Спорттық стильдегі киімдерге нені жатқызамыз ?
8. Романтикалық стильдің ерекшелігі неде ?
9. Фольклорлық стиль қандай сипатта болады ?

2-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтін мазмұны бойынша тірек сызбаны толтырыңыздар.



3-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, мезгіл мәнді сөйлемдер құраңдар.

Сабақтан соң, университет бітіргеннен кейін, ертеңгі күні, таң алдында, жазда белгілі болады, күні бойы жаттығу, күні-түні дайындалу,

4-тапсырма. Төменде берілген мәтінді түсініп оқып, мәтінге қатысты сұрақтарға жауап жазыңдар.

Доминико Дольче мен Стефано Габанның кім екенін білмесек те «Dolce Gabbana», бізге жақсы таныс. Өзіміздің елімізде Оксана Корби, Аида Қауменова, Құралай Нұрқаділова, Балнұр Асанова, Берік Исмайлов, сияқты әйгілі дизайнерлер бар. Киімнің дизайнымен айналысатын адамды «кютюрье»

деп те атайды. «Дизайнер» сөзі ағылшын тілінен аулдарғанда «айрықша үлгілер мен образдарды, ою-өрнектерді ұсынушы» деген мағынаны білдіреді.

Кәсіби дизайнерлер мен дизайн саласындағы мамандардың басын біріктіру мақсатында Қазақстанда 1987 Дизайнерлер одағының 235 мүшесі бар. Олардың 20-ы – Президент стипендиясының иегері. Одақтың Республика облыстарында 9 бөлімшесі бар. Қазақстан Дизайнерлер одағының алғашқы президенті Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Т.Б. Сүлейменов.

(Б.Ташкенбаева)

Әйгілі – известный

Маман – специалист

Айрықша особенный

Ұсынушы - предьявитель

Бөлімше – подразделение

Иегер – обладатель

Сұрақтар:

1. Дизайнер қандай мамандық иесі?
2. «Дизайн» сөзі қандай мағынаны білдіреді?
3. Қазақстандағы қандай белгілі дизайнерлерді білесіңдер?
4. Қазақстанның дизайнерлер одағы қашан құрылды?
5. Қазақстанның дизайнерлер одағының алғашқы президенті кім?

5-тапсырма. «Сәнді киіне білеміз бе?» тақырыбына пікірталас ұйымдастырыңдар.